

Б.К. Адамбек * 

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: adambebk@bk.ru)*

XX ғ. 20-шы жылдарында Кеңес мемлекетіндегі «Жаңа экономикалық саясаттың» тарихы

Мақалада әртүрлі тарихи деректердің негізінде Кеңес мемлекетінің XX ғ. 20-шы жылдары жүргізген «Жаңа экономикалық саясаттың» (ЖЭС) тарихына талдау жасалған. Автор Азамат соғысынан кейін Кеңестік Ресейде саяси дағдарыс басталып, большевиктерді «әскери коммунизм» жағдайынан Жаңа экономикалық саясатқа көшуге мәжбүр болғанын тарихи құжаттар және әртүрлі ресми шешімдер арқылы дәлелдеген. Осыған байланысты, жаңа экономикалық саясат бойынша бұрынғы азық-түлік салымының орнына шаруаларға азық-түлік салығы енгізіліп, шаруалар артық өнімдерін базарда сатуға, жерді жалға алуға және жалдамалы еңбекті пайдалануға рұқсат берілгені туралы мақалада нақты көрсетіледі. Сонымен қатар ЖЭС негізінде мемлекет бүкіл ірі өнеркәсіпті өзіне бағындырып, ұсақ кәсіпорындарды жалға бергенін, шетелдік концессияға рұқсат бергенін, ал мекемелер өзін-өзі қаржыландыру принципіне көшкенін, жалақы квалификацияға байланысты болғаны және осы мәселелерді шешуге қаржы реформасы жүргізілгені жан-жақты баяндалады. Мақалада ЖЭС-тың өтпелі кезеңде жүргізілген ұтымды саясат болғанын, сол арқылы большевиктердің билікті сақтап қалғаны нақты дәлелденген.

Кілт сөздер: тарих, дағдарыс, жаңа, салық, аренда, кәсіпорын, саясат, концессия, жалақы, қаржы, реформа.

Кіріспе

Кеңестік Ресейдің тарихындағы ерекше кезең деп XX ғ. 20-шы жылдарын атауға болады, өйткені бұл уақытта жаңа мемлекетте халық шаруашылығын дамытуда әртүрлі бағыттағы саясат жүргізілді, солардың бірі аты тарихнамада қалыптасып кеткен Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС). Большевиктер басшылығы жүргізген бұл саясат өзінің өзектілігімен, ерекшелігімен және маңыздылығымен КСРО тарихында ерекше орын алады.

Бұл саясаттың ерекшелігіне тоқтасақ — пролетариат диктатурасын барлық өмірдің саласында орнатқан коммунистік үкімет 1920 жылдардың басындағы елдегі саяси-экономикалық дағдарыстан шығу үшін әртүрлі шараларға көшкенін байқатады. Сондықтан, 1921 жылдан жүргізіле бастаған Кеңестік Ресейдегі Жаңа экономикалық саясат сол кездегі өзінің ерекшелігімен айқындалады.

Социалистік мемлекет құруға кіріскен большевиктер басшылығының елде бірінші рет нарықтық экономиканың элементтерін енгізу және сол арқылы халық шаруашылығын дамытуда белгілі жетістіктерге жету кейін басқа мемлекеттерде де орын алғанын атап кету керек. Мысалы, осындай саясатты 1940-1960 жылдары социалистік Югославия басшылығы жүргізіп, елде нарықтық экономиканың негізін қалады.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: adambebk@bk.ru

Өткен ғасырдың 20-шы жылдары Кеңес үкіметі жүргізген саясаттың кейбір жағы КСРО-ның соңғы кезеңінде де орын алды. Сонымен қатар Кеңес мемлекетінде бір кезде жүргізген Жаңа экономикалық саясаттың тәжірибесі қазіргі посткеңестік елдерде экономикалық мәселелерді шешуде қолданып келе жатқаны белгілі жағдай.

Осы атап жатқан жағдайларды, яғни бір кездегі большевиктер жүргізген Жаңа экономикалық саясатты халықаралық маңызы бар құбылыс деп атауға болады, өйткені Жаңа экономикалық саясаттың тәжірибесі қазіргі заманғы көптеген мемлекеттерде іске асырылып жатқанын атап кету керек. Сондықтан Кеңес мемлекетінде өткен ғасырдың 20-шы жылдары жүргізілген Жаңа экономикалық саясат өзінің тарихи-практикалық маңыздылығымен қазіргі уақытта да ерекше құбылыс ретінде қарау керектігін байқатады. Демек осы айтылған мәселелерді айқындап, оларды дәлелді көрсету ұсынылып отырған мақаланың басты мақсаты деп түсінуге болады.

Материалдар және әдістер

Мақаланың деректік материалдарын КСРО тарихына қатысты жарияланған хрестоматия құжаттары құрайды. Соның ішінде қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты тарихи деректер мен статистикалық материалдар [1–2] большевиктердің саяси шешімдері, Кеңес үкіметінің экономика бойынша қабылданған қаулылары және әртүрлі оқиғалар бойынша арнайы жинақталған ресми құжаттар мен салыстырмалы түрде берілген экономикалық жетістіктер туралы нақты деректер бар. Және 1923 жылы 27 шілдеде қабылданған КСРО үкіметі және Бүкілодақтық Атқару Комитетінің «Жалпы шаруашылық салығын кіргізуге байланысты шаруаларға жасалатын жеңілдіктер туралы» декрет, 1924 жылы 11 қантардағы КСРО үкіметі және Бүкілодақтық Атқару Комитеті қабылдаған «Шаруаларға ауыл-шаруашылық құралдарын сатып алу үшін шараларды іске асыру туралы» декретін атап көрсетуге болады [3].

Ұсынылып отырған мақаланың ғылыми-әдістемелік негізі ретінде қарастырып отырған тақырып бойынша осы уақытқа дейін басылып шыққан әр сипаттағы еңбектер алынды. Кеңес мемлекетіндегі «Жаңа экономикалық саясат» мәселесімен шұғылданған зерттеушілердің еңбектерін қарастыру барысында және оларды сараптай отырып, талдау жасау кезінде: тарихи-объективтік, логикалық, жүйелілік, салыстырмалы талдау, тағы басқа әдістер қолданылды. Осыған орай соңғы кезде пайда болған бірқатар тың материалдар мен деректерді қосу негізінде, Кеңестік Ресейде жүргізілген Жаңа экономикалық саясаттың әртүрлі кезеңдері мен бағыттары, олардың практикалық әдістері және ерекшеліктері тарихи-объективтік принцип негізінде көрсетілді. Осыған байланысты зерттеліп отырған маңызды тақырыпты дәлелдеу үшін, сараптамалық анықтау және әртүрлі бақылау әдістері белгілі түрде қолданылды. Сонымен бірге қарастырылып отырған тақырыпты ғылыми түрде зерттеу кезінде пайдаланған ғылыми-әдістемелік принциптер және жаңа бағыттар мен дәлелдер ұсынылуы мүмкін деп айтуға толық болады.

Нәтижелері

Азамат соғысының қанды оқиғалары және «әскери коммунизм» саясаты ел экономикасын құлдыратып жіберді. Соғыс кезінде Ресейдің орталық аймақтарындағы, Украина, Кавказ, Орал мен Сібірдегі, Орта Азия мен Қазақстандағы көптеген өнеркәсіп және өндіріс орталықтары бұзылып, көбісі тоқтап қалды. Мысалы: Мәскеу мен Петроградтағы завод фабрикалардың жартысынан астамы шикізат болмағандықтан өз жұмыстарын тоқтатты. Милionдаған адам жұмыссыз қалып, деревняға кете бастады. Жалпы жұмыссыздық КСРО-да 1921 жылдан 1930 жылға дейін сақталды [4; 124].

Ауыл шаруашылықтан алатын өнім соғыстан бұрын 60 %-ды ғана құрады. Азық-түлік жетпегендіктен бірқатар аймақтарда ашаршылық басталды. «Әскери коммунизм» саясаты әсіресе село мен деревняны күйзелтті. Осыған байланысты шаруалардың наразылығы да күшейді. Азық-түлік тауарларының бағасы бірнеше рет өсіп, халықтың көпшілігі алып-сатарлықпен шұғылдана бастады.

Экономиканың дағдарысын транспорт салаларының жұмысты тоқтатуы одан сайын шиеленістіре түсті. Соған байланысты әртүрлі аймақтардың қатынастары қиыншылыққа ұшырады.

Осыған қарамастан Кеңес үкіметі нарықты жою, тауарларды бөліп беру саясатын жалғастырды. Ақша құнсызданып, көптеген жерде қолданудан қалды. Бұл кезде большевиктердің ақшаны жалпы жою туралы жоспарлары да болған.

1920 жылдың аяғында Бүкілресейлік Кеңестер съезі халық шаруашылығын қалпына келтіру және оны электрлендіру (ГОЭЛРО) жоспарларын бекітіп, соларды іске асыруға қадамдар жасай

бастады [5; 331]. Соған қарамастан 1920 жылдың аяғында және 1921 жылдың басында қалаларда еңбекшілердің ереуілдері мен шерулері көбейді. Оларға қатысушылар саяси системаны демократияландыруды, Учредительдік Құрылтайды шақыру, кәсіподақтардың құқықтарын кеңейту т.б. талаптар қойды.

«Әскери коммунизм» саясаты бойынша астықты тартып алу, азық-түлік отрядтарының жүгенсіздіктері, шаруалардың наразылығын күшейтіп, олар ашық көтерілістерге әкеп соқты. Аталған кезеңде Түмен, Тамбов губернияларында, Украинада, Дон мен Кубанда, Еділ бойы, Сібір мен Қазақстанда ірі шаруалар көтерілістері болып өтті [6; 473]. Орта Азия мен Қазақстанда Кеңес үкіметіне қарсы ұлт-азаттық күрес кең етек алды. Шаруалар көтерілістерінде большевиктердің диктатурасын жою, әділ сайлау өткізу туралы саяси ұрандар пайда болды. Осы көтерілістердің барлығын Қызыл Армия ірі әскери операциялар арқылы басып тастады. Көптеген деректерге қарағанда көтерісшілерге қарсы күресте М. Тухачевский мен С. Буденный басқарған жазалаушы әскерлер ерекше қаталдықтарымен көзге түсті.

Ал Кеңес үкіметіне ең қауіпті көтеріліс, Қазан төңкерісі кезінде большевиктердің тірегі болған Кронштадт қаласында 1921 жылдың ақпан-наурыз айларында болды. Көтерісшілер Балтық флоты мен Кронштадты өздеріне бағындырып, социалистік партиялардың өкілдерін түрмеден босату, коммунистік жазалау бөлімшелерін тарату, әділ сайлау өткізіп, Кеңестерден большевиктерді қуу, сөз, шерулер, партиялар қызметіне бостандық беру, шаруаларға өнімдерін өз еркімен жұмсау және т.б. мақсаттар белгіледі.

Кеңес үкіметі көтерісшілерді «бүлікшілер» деп оларға қарсы екі армия және РКП(б)-ның X Съезд делегаттарынан құрылған отрядтарды жіберді. Наурыздың 16 күні екінші шабуылдан кейін ғана Қызыл Армия көтерісшілерді талқандап, мыңдаған адамды жазалады [7; 178].

Бұрынғы кеңестік тарихнамада аталған оқиғалар экономикалық дағдарыс ретінде ғана көрсетілетін. Шын мәнінде 1920 ж. аяғы мен 1921 ж. басында Кеңестік Ресейде экономикалық және саяси дағдарыс бірдей болды. Осыған орай «1921 жылдың көктемі саясат Кронштадқа айналды» деп Лениннің мойындауы айтқанымызды толық дәлелдейді [8; 138].

Экономикалық және саяси дағдарыс большевиктер партиясының басшыларын осы тығырықтан шығатын жол іздеуге мәжбүр етті. В. Ленин, Л. Троцкий, Н. Бухарин сияқты қайраткерлер социалистік ұрандарды ұстанғанына қарамастан сол кездегі капиталистік экономиканы ұйымдастыру теорияларымен, оның ішінде тейлоризм концепциясымен, Ресей экономистерінің еңбектерімен, ғасыр бойындағы елдегі модернизация тәжірибесімен танысуы мүмкін еді. Қалай болса да 1920 жылдың ақпан айында Л. Троцкий «әскери коммунизм» саясатының орнына экономикада басқа жол іздеу туралы ұсыныс жасайды [9; 620]. Бірақ бұл ұсыныс қолдау таппайды. Ал бір жылдан кейін 1921 жылдың басында Ленин осы ұсынысты өз атынан большевиктер партиясының саяси бюросының күн тәртібіне қояды. Осы мәселе кейін 1921 жылғы партияның X съезінде қаралып, бірқатар толықтырулармен «Жаңа экономикалық саясат» ретінде қабылданды [10]. Бұл саясат билікті Кеңес үкіметінің қолында сақтап, капиталистік тәжірибені пайдалана отырып, тығырықтан шығу жоспары еді. Бұл жоспар Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті және Халық Комиссарлар Кеңесінің декреттерімен бекітілді [11; 158].

Жаңа экономикалық саясатқа экономикалық және саяси-әлеуметтік шаралар кірді. Соның ішінде «әскери коммунизмнен» бас тарту және кәсіпкерлікті дамыту, ішкі сауданы дамытып, сыртқы саудаға монополия енгізу, шаруалардың кейбір талаптарын орындау т.б. болды.

Жаңа экономикалық саясат ең басында ауыл-шаруашылығында басталды. Енді бұрынғы азық-түлікті тартып алудың орнына үкімет шаруаларға азық-түлік салығын міндеттеді. Осы салықты төлегеннен кейін шаруалар қалған өнімдерін базарда еркін сата алатын болды. Сонымен қатар олар жерді жалға (аренда) беруге, жалдамалы еңбекті пайдалануға рұқсат алды. Деревня кооперацияның әртүрлі формаларын (тұтынушылар кооперациясын, ауыл-шаруашылық, кредит кооперацияларын және басқаларын) өркендетуге мүмкіндік алды [12; 370].

ЖЭС бойынша өнеркәсіп саласында халыққа керекті тауарларды жедел өндіру мақсатымен мемлекет бүкіл ірі өнеркәсіпті өзіне бағындырып, көптеген ұсақ кәсіпорындарды кооперативтер мен жеке арендаға берді. Сонымен қатар кейбір өнеркәсіп ошақтары шетел капиталистеріне концессияға берілді. Тіпті біріккен кәсіпорын құруға да рұқсат етілді. Сөйтіп мемлекеттік-капиталистік сектор пайда болды.

Еңбекке тарту системасы да өзгертіліп, бұрынғыша еңбекке мобилизациялау тоқтатылды. Завод, фабрикалар жұмысшыларды еңбек биржасы арқылы жұмысқа алатын болды. Мекемелер өзін-өзі

қаржыландыру принципіне көшіп, жұмысшылардың жалақысы олардың квалификациясына, өндірілген тауарларының санына және сапасына байланысты беріле бастады [13; 342].

Сонымен қатар өнеркәсіпті басқару системасы өзгертілді. Бұрынғы 50-ден астам салалық басқармалардың саны 16-ға дейін азайды. Ал шенеуніктер екі есе қысқартылды. Кейбір өнеркәсіп салаларының жұмыстарын құрыла бастаған трестер атқаратын болды [14; 112-113].

Экономиканы дамытуда қаржы жүйесінің алатын орны белгілі. Ал ақшаның құнсыздануы қауіпті деңгейге жетті. Мысалы: 1921 жылдың басында кеңестік 100 мың ақша белгісінің бағасы соғыстан бұрынғы бір тиынға теңелді. Осыған байланысты кейбір аймақтарда халық ақшадан бас тартып, тауарларды айырбастауға көшті [15; 62]. Осындай тығырықтан шығу үшін Кеңес үкіметі 1922-1924 жылдары өте сәтті және ұтымды ақша реформасын жүргізді [16]. Ол бойынша 1921 жылы құрылған Мемлекеттік банк бағамы жоғары червонец 10 рублді шығара бастады. Кейін ақшаның басқа ұсақ түрлері шықты. Қазіргі ғалымдар осы ақша реформасын Кеңес дәуіріндегі ең сәтті реформа деп есептейді және сол кездегі экономикадағы жетістіктерді нақты соның жүргізілгенімен байланыстырады [17; 521].

Жаңа экономикалық саясаттың негізінде Кеңес үкіметі алдына қойған халықшаруашылығын қалпына келтіру мақсаттарын іске асырды. Ауылшаруашылық саласы 1926 жылдың басында соғыстан бұрынғы деңгейге жетсе, өнеркәсіптегі даму сол деңгейдің 75 %-ын құрады [18; 236-237]. Ал жеңіл өнеркәсіп салаларында бұдан да жоғары болды. Осының өзі аз да болса еңбекшілердің әлеуметтік жағдайын жақсартта бастады. Жалпы Жаңа экономикалық саясат большевиктердің сол жылдары жүргізген ұтымды саясаты болды. Сондықтан Кеңес үкіметінің позициясы да әлдеқайда күшейе түсті.

Жаңа экономикалық саясат әлеуметтік және саяси жағдайды да өзгертті. 1922 жылы жаңадан Еңбек заңдарының кодексі қабылданды [19; 420]. Ол бойынша еңбекке мобилизация тоқтатылып, жұмыскерлерді еркін жалдауға рұқсат берілді. Еңбекақы жүйесінің реформасы жүргізілді. Бірақ әлеуметтік саясат таптық бағытта жүргізілді. Басқару органдарға сайлау кезінде жұмысшылардың ерекше рөлі сақталды. Халықтың бір бөлігі сайлауға қатыса алмай қала берді [20; 143].

Ішкі саясаттағы кейбір өзгерістерге қарамастан мемлекеттік басқару жүйесі бұрынғыша сақталды.

Талқылау

Кеңестік Ресейдегі азамат соғысы аяқталғаннан кейін, елде жүргізілген әртүрлі шараларды Батыс, ал кейін кеңес тарихшылары да «Жаңа экономикалық саясат» деп көрсете бастады. Көбінесе, зерттеушілер осы саясатты жүргізуде: В. Ленин, Л. Троцкий және Н. Бухаринның идеяларын алға тартып, соларды негізге алады. Бірақ, осыны айта тұра, біз Жаңа экономикалық саясатты іске асыруда көптеген маңызды идеялардың қолданғанын айта кетуіміз керек. Шын мәнінде, бұл тәжірибе көптеген комплекстік идеялардың жиынтығы болды және сол кездегі алдыңғы қатардағы идеяларға да сүйенді, мысалы тейлоризмге және еңбекті жаңаша ұйымдастыру (НОТ) және т.б. Сондықтан, «Жаңа экономикалық саясатты» зерттеу де әлі күнге дейін саясаткерлердің, ғалымдардың пікірталасы жүріп жатқаны заңды құбылыс ретінде байқаған дұрыс деп есептейміз.

Жалпы алғанда «Жаңа экономикалық саясат» проблемасын зерттеу өткен ғасырдың 20-30-шы жылдары басталған, кейінгі кезеңде әртүрлі бағытта жалғасын тапты. Осы тақырыпты, ғылыми түрде зерттеуді алғашқы болып, қолға алған әйгілі советолог, ағылшын тарихшысы Э. Карр болды, ол өзінің «Большевистская революция 1917-1923» еңбегінің I және II томында Кеңес мемлекетінің саясатын қатты сынға ала тұрып, большевиктердің экономикадағы шараларын объективті түрде қарап, Кеңестік Ресейдегі «Жаңа экономикалық саясат нарықтық экономиканы қайта жандандырып, шаруашылықтағы бір-бірімен байланысты элементтерді капиталистік тәртіпке бағыттады» деп көрсетті және осы саясаттың жетістіктеріне ерекше мән берді [9].

Сонымен қатар 1920 жылдар Кеңестік Ресейден мәжбүрлі түрде эмиграцияға кеткен саяси қайраткерлердің еңбектерінде де аталып, отырған тақырып, белгілі түрде қарастырылды, солардың ішінде: А. Керенский, П. Милуков, М. Шоқай сияқты саяси эмигранттардың зерттеулері ерекше орын алады. А. Керенский мен П. Милуков өздерінің еңбектерінде Кеңес мемлекетінің әртүрлі шараларын, оның ішінде «Жаңа экономикалық саясатты» қатты сынға алып, оның кейбір жетістіктерін мойындамауға тырысады, осындай көзқарасты басқа да эмигрант зерттеушілері ұстанды [21]. Ал, шетелде тұрып талай еңбек жазған саяси қайраткер М. Шоқай өзінің «Түркістанның килы тағдыры» және басқа еңбектерінде 1920 жылдары ашаршылық болып жатқан Еділ бойында

және Қазақстанда большевиктердің «Жаңа экономикалық саясаты» керекті деңгейде іске асырылмай оның айтатындай әсері болған жоқ деп көрсетеді [22].

Кеңес Одағы кезінде және посткеңестік жылдары Кеңес мемлекетіндегі «Жаңа экономикалық саясат» туралы Батыс және ТМД елдерінің ғалымдары бірқатар еңбектерін басып шығарды. Соның ішінде, француз ғалымы Н. Верт [23]; достастық тарихшылары: В. Дмитриенко [24], С. Виноградов [25], Л. Лютов [26], В. Шишкин [27], А. Соколов [28], Ю. Воробьев [29]; қазақстандық тарихшы Б. Адамбек [15] т.б. еңбектер аталып отырған тақырыпты әртүрлі көзқараста көрсеткені белгілі. Осы аталған еңбектердің ішінде ерекше орын алатын Н. Верттің зерттеулері. Ол КСРО-ның кең көлемде жазылған тарихында Коммунистік партияның саяси-экономикалық саясатын әртүрлі бағытта терең зерттеген, ал большевиктердің «Жаңа экономикалық саясатын» өте қиын жағдайда іске асырылған шаралардың бірі ретінде қарап, сонымен қатар оның Кеңестік Ресейдің дамуында белгілі рөл атқарғанын көптеген тарихи материалдармен жеткілікті дәлелдейді.

Сонымен қатар жоғарыда аталған негізінен Ресей ғалымдары өздерінің еңбектерінде Кеңес мемлекетінде бір кезде жүргізілген Жаңа экономикалық саясатты жоғары бағалап, оны сәтті іске асырылған большевиктік эксперимент деп бағалайды.

Б. Адамбек өзінің зерттеулерінде большевиктер жүргізген Жаңа экономикалық саясат өткен ғасырдың 20-шы жылдары негізінен ірі өнеркәсіп орталықтарындағы белгілі деңгейде іске асырылып, нәтижелер бергенін, ал ұлттық аймақтарда ЖЭС кең түрде жүргізілмеді деп дәлелдейді.

Жалпы алғанда тарихшылардың соңғы жылдары шыққан көптеген еңбектерінде КСРО-да 1920 жылдары жүргізілген Жаңа экономикалық саясат халық шаруашылығында өзінің ерекше рөл атқарғанын және оның тарихи маңызы бар үрдіс деп бағаланады.

Осыған орай жоғарыда айтылғандай соңғы жылдары Жаңа экономикалық саясат туралы көлемді ғылыми еңбектер шыққан жоқ деп айтуға болады. Соған қарамастан ЖЭС-тің 100 жылдығына қарай бірқатар авторлардың осы проблемаға арналған ғылыми мақалалары жарық көрді.

Мысалы М.Ю. Мухиннің және М.А. Фельдманның мақалаларында Жаңа экономикалық саясатты көпжылғы зерттеулер арқылы әртүрлі көзқарастағы «Нэповедение» деген ерекше бағыттың қалыптасқанын дәлелдейді. Сонымен қатар бұл мақалаларда терең сараптама арқылы Кеңес дәуіріндегі Жаңа экономикалық саясат туралы КСРО кезінде шыққан тарихи еңбектермен ХХІ ғ. басында жарық көрген еңбектердің идеологиялық байланыстары бар екенін дәлелдеп, әлі де алдағы уақытта зерттелетін проблемаларға назар аударды [30].

Келесі мақалалар авторлары И.Б. Орлов [31] және В.Г. Кокоулин [32] 1921-1927 жылдардағы саяси жағынан ЖЭС-ке көзқарас әртүрлі болғанын айта келе, дәл осы кезде: «Левая оппозиция», «Новая оппозиция» және «Объединенная оппозиция» топтарының қалай пайда болғанын дәлелдейді. Ал В.Г. Кокоулин өз мақаласында әртүрлі идеологиялық бағыттарға сараптама жасап, соңғы Кеңес дәуірі «Қайта құру» кезеңі және посткеңестік жылдары Жаңа экономикалық саясат туралы тараған әртүрлі қауесеттерді жоққа шығарады [32].

С.Н. Варшавчик деген автор өзінің мақаласында Кеңестік Ресейдегі Жаңа экономикалық саясаттың жетістіктерін көрсетіп, көбінесе осы саясатты жүргізудегі көптеген кемшіліктерге объективті сараптама жасайды [33]. Сонымен қатар келесі коллективтік мақалада авторлар Жаңа экономикалық саясаттың стратегиялық жоспары болды ма? немесе тактикалық маневр болғандай проблемаға тоқталып, ЖЭС-ті жалғастыра берудің қажеттілігі бар ма екен деген мәселені талқылайды [34].

Осылайша Кеңес мемлекетіндегі Жаңа экономикалық саясат проблемасы, бұрынғы және қазіргі кезеңде де ғалым тарихшылардың назарынан тыс қалмай келе жатыр. Сондықтан, атап отырған проблема алдағы уақытта да әртүрлі көзқараста, әртүрлі бағытта зерттеле беретіні заңды процесс деп түсінуге болады.

Қорытынды

Жаңа экономикалық саясатты большевиктер үкіметінің өтпелі кезеңінде жүргізген ерекше экономикалық саясаты болды деп атауға толық негіз бар. Осы қадамдарын іске асыру үшін Кеңес үкіметі әртүрлі сипаттағы реформалар жүргізіп, солардың негізінде бірқатар мәселелерді шеше білді және капитализмнен социализмге өтетін бұрын болмаған ерекше және маңызды саясатты іске асырды.

«Жаңа экономикалық саясаттың» нәтижесінде 1926 жылдың басында өнеркәсіп салаларының дамуы соғыстан бұрынғы деңгейдің 70 % құрады және халықтың әлеуметтік жағдайы түзеле бастады,

мысалы осы кезде азық-түлікті алатын карточкалар жойылды. Ауыл шаруашылығында да белгілі өзгерістер байқала бастады. Мысалы бұл соғыстан бұрынғы өнім беру деңгейі 90 %-ға жетті, сонымен қатар кооператив системасы кең түрде дамып, елдегі белгілі үрдіске айналды, сөйтіп, ауыл-шаруашылығындағы жетістіктер бүкіл елде орын алды. Осындай деңгейге жетпесе де, КСРО-ның экономикасындағы басқа салалар да белгілі жетістікке жетіп, елдегі жағдайдың қалпына келтірілуіне айтарлықтай үлес қосты. Осыған орай «Жаңа экономикалық саясаттың» енгізілуін және оның дамуындағы кейбір ерекшеліктерді атап кеткен жөн деп есептейміз, олар мынандай болды:

1. «Жаңа экономикалық саясатты» большевиктер үкіметі мәжбүрлі түрде жүргізді және сол үшін әртүрлі реформаларды іске асырды.

2. Кеңес мемлекеті және ЖЭС кезінде нарықтық экономиканың бірқатар элементтерін енгізіп, социалистік және капиталистік қатынастарды қатар жүргізді.

3. КСРО-дағы бірқатар кәсіпорындарды шетелдіктерге концессияға беру, экономикадағы жаңа қадамдардың бірі болды.

4. Елдегі халық шаруашылығын қалпына келтіруде «Жаңа экономикалық саясат» ерекше рөл атқарғанын атап кету керек.

5. «Жаңа экономикалық саясатты» сәтті жүргізу арқылы большевиктер КСРО-ғы саяси билікті сақтап қалды.

Кеңес мемлекетінде іске асырылған «Жаңа экономикалық саясат» өтпелі кезеңдегі көптеген экономикалық проблемаларды шешіп, социалистік экономиканың негізін қалады және сол арқылы Коммунистік партияның, Кеңес үкіметінің саяси билікті сақтап қалуына ерекше әсер етті деп айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Хрестоматия по истории СССР 1917-1945 гг. — М.: Просвещение, 2000. — 312 с.
- 2 История СССР в документах и иллюстрациях (1917-1980). — М.: Просвещение, 1981. — 270 с.; История СССР в документах и иллюстрациях (1917-1971). — М.: Просвещение, 1973. — 318 с.
- 3 Декрет ВЦИК «О замене продовольственной и сырьевой разверстки натуральным налогом» от 21 марта 1921 г. // Резолюция. КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференция и пленумов ЦК. — М., 1970. — Т. 2. — С. 256–259.
- 4 Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы / Б.К. Адамбеков. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. — 344 б.
- 5 Советский энциклопедический словарь / Гл. ред. А.М. Прохоров. — 3-е изд. — М.: Сов. Энциклопедия, 1985. — 1600 с.
- 6 Пособие по истории СССР для вузов. — М.: Высшая школа, 1987. — 735 с.
- 7 История СССР. Эпоха социализма: учеб. пос. / под. ред. С.А. Сераева. — М.: Просвещение, 1977. — 560 с.
- 8 Ленин В.И. Речь на Всероссийском съезде транспортных рабочих 27 марта 1921 г. / В.И. Ленин // Собрание сочинений. — М., 1967. — Т. 43. — 544 с.
- 9 Карр Э. История Советской России. Большеви́стская революция 1917-1923 / Э. Карр. — М.: Прогресс, 1990. — 768 с.
- 10 История СССР в документах и иллюстрациях (1917-1978 гг.). — М.: Просвещение, 1981. — 272 с.
- 11 Верт Н. История Советского государства, 1900-1991 / Н. Верт; пер. с франц. — 2-е изд. — М.: Прогресс-Академия, 1995. — 544 с.
- 12 Новейшая отечественная история. XX в.: учеб. для студ. выс. учеб. зав. [в 2-х кн.] / под. ред. Э.М. Щагина, А.В. Лубкова. — М.: ВЛАДОС, 2004. — Кн. 1. — 447 с.
- 13 Зуев М.Н. История России: учеб. для вузов / М.Н. Зуев. — М.: «Приор-издат», 2005. — 688 с.
- 14 Соколов А.К. Курс советской истории 1917-1940 / А.К. Соколов. — М.: Высшая школа, 1999. — 272 с.
- 15 Адамбек Б.К. Кеңес Одағының тарихы (1917-1991) / Б.К. Адамбек. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2018. — 244 б.
- 16 Килин П.А. Частная торговля в годы НЭПа: Отечественная историография 1920–1980 / П.А. Килин // Генезис: Исторические исследования. — 2021. — № 9. — С. 46–66.
- 17 История России [в 2-х т.] / под. ред. А.Н. Сахарова. — М.: Астрель: Транзиткнига, 2006. — Т. 2: С начала XIX в. до начала XXI века. — 862 с.
- 18 Берхин И.Б. История СССР: Советский период / И.Б. Берхин. — М.: Высш. шк., 1987. — 664 с.
- 19 Новейшая история отечества. XX век / под. ред. А.Ф. Киселева. — М.: Изд. ВЛАДОС, 1998. — 496 с.
- 20 Виноградов С.В. НЭП: опыт создания многоукладной экономики / С.В. Виноградов. — Астрахань: ИП Сорокин, 2015. — 247 с.

- 21 Керенский А.Ф. Россия на историческом повороте. Мемуары / А.Ф. Керенский. — М.: Республика, 1993. — 384 с.; Миллюков П.Н. Воспоминания / П.Н. Миллюков. — М.: Современник, 1990. — 891 с.
- 22 Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры / М. Шоқай. — Алматы: Жалын, 1992. — 184 б.
- 23 Верт Н. История Советского государства, 1900-1991 / Н. Верт; пер. с франц. — 2-е изд. — М.: Прогресс-Академия, 1995. — 544 с.
- 24 Дмитренко В.В. Торговая политика Советского государства после перехода к НЭПу (1921-1924). — М.: Высшая школа, 1971. — 309 с.
- 25 Виноградов С.В. НЭП: опыт создания многоукладной экономики: монография / С.В. Виноградов. — Астрахань: ИП. Сорокин, 2015. — 147 с.
- 26 Лютов Л.Н. Государственная промышленность в годы НЭПа (1921-1929) / Л.Н. Лютов. — Саратов: Изд. Саратов. ун-та, 1996. — 320 с.
- 27 Шишкин В.А. Власть. Политика. Экономика: Послереволюционная Россия (1917-1928 гг.) / В.А. Шишкин. — М.: Росс. акад. наук, Ин-т рос. истории С.Петербург. филиал, 1997. — 398 с.
- 28 Соколов А.К. Курс советской истории 1917-1940: учеб. пос. / А.К. Соколов. — М.: Высшая школа, 1999. — 272 с.
- 29 Воробьев Ю.Ф. Новая экономическая политика: уроки хозяйственных реформ / Ю.Ф. Воробьев. — М.: ИЭ, 1989. — 200 с.
- 30 Мухин М.Ю. Сто лет изучения НЭПа. Время подвести итоги? / М.Ю. Мухин // Российская история. — 2020. — № 5. — С. 3–14.
- 31 Орлов И.Б. Новая Экономическая политика (НЭП), комплекс социально-экономических преобразований в РСФСР и СССР проводившихся РКП(б) ВКП(б) в 1921-1929 гг. [Электронный ресурс] / И.Б. Орлов. — Режим доступа: bigenc.ru
- 32 Кокоулин В.Г. НЭП в массовом историческом сознании и в позднесоветской и постсоветской России [Электронный ресурс] / В.Г. Кокоулин // «Сибирский архив». — 2021. — июль. — Режим доступа: www.researchgate.net
- 33 Варшавчик С.Н. НЭП в ССР: достижения и неудачи / С.Н. Варшавчик // «Наука и техника». — 2025. — 25 марта.
- 34 Новая экономическая политика в новой России и СССР // Профессиональное объединение ИПБ России. — 2025. — 2 июля.

Б.К. Адамбек

История «Новой экономической политики» в Советском государстве в 20-е годы XX века

Статья правдиво показывает, опираясь на многочисленные источники, проведение в Советском государстве в 20-е годы XX века «Новой экономической политики» (НЭП). Автор, основываясь на исторических документах и различных официальных решениях, доказывает, что после Гражданской войны в Советской России начался политический кризис, который вынудил большевиков перейти от политики «военного коммунизма» к «Новой экономической политике». В связи с этим убедительно показано, что на основе «Новой экономической политики» вместо прежней продразверстки крестьянам вводился продовольственный налог, который позволил им продавать излишки на базаре, брать землю в аренду и использовать наемный труд. Наряду с этим всесторонне освещается, как при НЭПе государство, подчинив себе крупную промышленность, сдало мелкие предприятия в аренду, разрешило иностранные концессии, а предприятия перевело на принцип самофинансирования, зарплата стала зависеть от квалификации, и для решения этих вопросов была осуществлена финансовая реформа. В статье доказывается, что НЭП стал политикой переходного периода, которая позволила большевикам сохранить политическую власть.

Ключевые слова: кризис, новая, налог, аренда, предприятие, политика, концессия, зарплата, финансы, реформа.

В.К. Adambek

The History of the ‘New Economic Policy’ in the Soviet State in the 1920s of XXth century

Drawing on a wide range of sources, the author examines the implementation of the “New Economic Policy” in the Soviet state during the 1920s. Using historical documents and various official resolutions, the author demonstrates that after the Civil War, a political crisis began in Soviet Russia, which forced the Bolsheviks to move from “War Communism” to the “New Economic Policy”. Under the “New Economic Policy” (NEP), the previous food requisitioning was replaced by a food tax that allowed peasants to sell their surplus on the market, lease land, and use hired labor. At the same time, the state gained control over large-scale industry, leased small-scale industry, permitted foreign concessions, and reorganized enterprises on the principle of

self-financing, with salaries differentiated based on qualifications. Financial reforms were introduced to resolve these issues. The article concludes that the NEP functioned as a transitional policy that allowed the Bolsheviks to retain political power.

Keywords: history, crisis, new, tax, rent, enterprise, policy, concession, salary, finance, reform.

References

- 1 (2000). *Khrestomatiia po istorii SSSR 1917–1945 gg.* [Reader on the History of the USSR 1917–1945]. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 2 (1981). *Istoriia SSSR v dokumentakh i illiustratsiakh (1917–1980)* [History of the USSR in Documents and Illustrations (1917–1980)]. Moscow: Prosveshchenie [in Russian]; (1973). *Istoriia SSSR v dokumentakh i illiustratsiakh (1917–1971)* [History of the USSR in Documents and Illustrations (1917–1971)]. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 3 (1970). *Dekret VTsIK «O zamene prodovolstvennoi i syrevoi razverstki naturalnym nalogom» ot 21 marta 1921 g. Rezoliutsiia. KPSS v rezoliutsiakh i resheniakh sezдов, konferentsiia i plenumov TsK»* [Decree of the All-Russian Central Executive Committee “On the replacement of food and raw materials with an in-kind tax” dated March 21, 1921. Resolution “On replacement of food distribution system” CPSU in resolutions and decisions of congresses, conferences and plenums of the Central Committee”]. Moscow [in Russian].
- 4 Adambekov, B.K. (2005). *XX gasyrdagy Resei imperiiasy, Kenes memleketi zhane TMD tarikhy* [History of the Russian Empire, the Soviet State and the CIS in the 20th Century]. Qaragandy: Qaragandy memlekettik universitetinin baspasy [in Kazakh].
- 5 Prokhorov, A.M. (Eds.). (1985). *Sovetskii entsiklopedicheskii slovar* [Soviet Encyclopedic Dictionary]. Moscow: Sovetskaia Entsiklopediia [in Russian].
- 6 (1987). *Posobie po istorii SSSR dlia vuzov* [Manual on the history of the USSR for universities]. Moscow: Vysshiaia shkola [in Russian].
- 7 Seraeva, S.A. (Eds.). (1977). *Istoriia SSSR. Epokha sotsializma* [History of the USSR. Epoch of socialism]. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 8 Lenin, V.I. (1967). *Rech na Vserossiiskom sezde transportnykh rabochikh 27 marta 1921 g. Sobranie sochinenii* [Speech at the All-Russian Congress of Transport Workers on March 27. Collection of essays]. (Vol. 43). Moscow [in Russian].
- 9 Karr, E. (1990). *Istoriia Sovetskoi Rossii. Bolsheviiskaia revoliutsiia 1917–1923* [History of Soviet Russia. The Bolshevik Revolution 1917–1923]. Moscow: Progress [in Russian].
- 10 (1981). *Istoriia SSSR v dokumentakh i illiustratsiakh (1917–1978 gg.)* [History of the USSR in documents and illustrations (1917–1978)]. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 11 Vert, N. (1995). *Istoriia Sovetskogo gosudarstva, 1900–1991* [History of the Soviet State, 1900–1991]. Moscow: Progress-Akademiia [in Russian].
- 12 Shagina, E.M., & Lubkova, A.V. (Eds.). (2004). *Noveishaia otechestvennaia istoriia. XX.: uchebnykh dlia studentov vysshiikh uchebnykh zavedenii* [Recent Domestic History. XX.: textbook for students of higher educational institutions]. Moscow: VLADOS [in Russian].
- 13 Zuev, M.N. (2005). *Istoriia Rossii. Uchebnykh dlia vuzov* [History of Russia. Textbook for universities]. Moscow: “Priorizdat” [in Russian].
- 14 Sokolov, A.K. (1999). *Kurs sovetskoi istorii 1917–1940* [Course of Soviet history 1917–1940]. Moscow: Vysshiaia shkola [in Russian].
- 15 Adambek, B.K. (2018). *Kenes Odagynyn tarikhy (1917–1991)* [History of the Soviet Union (1917–1991)]. Qaragandy: Qaragandy memlekettik universitetinin baspasy [in Kazakh].
- 16 Kilin, P.A. (2021). *Chastnaia torgovlia v gody NEPa: Otechestvennaia istoriografiia 1920–1980* [Private Trading in the NEP Years: Domestic Historiography 1920–1980]. *Genesis: Istoricheskie issledovaniia — Genesis: Historical Studies*, 9, 46–66 [in Russian].
- 17 Sakharaeva, A.N. (Eds.). (2006). *Istoriia Rossii. S nachala XIX v. do nachala XXI veka* [History of Russia: Since the beginning of the 19th century until the beginning of the 21st century]. (Vols. 1-2; Vol. 2). Moscow: Astrel: Tranzitkniga [in Russian].
- 18 Berkhin, I.B. (1987). *Istoriia SSSR: Sovetskii period* [History of the USSR: Soviet period]. Moscow: Vysshiaia shkola [in Russian].
- 19 Kiseleva, A.F. (Eds.). (1998). *Noveishaia istoriia otechestva. XX vek* [Recent History of the Fatherland. XX century]. Moscow: Izdatelstvo VLADOS [in Russian].
- 20 Vinogradov, S.V. (2015). *NEP: opyt sozdaniia mnogoukladnoi ekonomiki* [NEP: experience of creating multi-stack economy]. Astrakhan: IP Sorokin [in Russian].
- 21 Kerenskii, A.F. (1990). *Rossiia na istoricheskom povorote. Memuary* [Russia at a historic turning point. Memoirs]. Moscow: Respublika; Miliukov P.N. (1990). *Vospominaniia* [Memories]. Moscow: Sovremennik [in Russian].
- 22 Shoqai, M. (1992). *Turkistannyn qily tagdyry* [The difficult fate of Turkestan]. Almaty: Zhalyn [in Kazakh].
- 23 Vert, N. (1995). *Istoriia Sovetskogo gosudarstva, 1900–1991* [History of the Soviet State, 1900–1991]. (Trans., Vol. 2). Moscow: Progress-Akademiia [in Russian].

- 24 Dmitrenko, V.V. (1971). *Torgovaia politika Sovetskogo gosudarstva posle perekhoda k NEPu (1921–1924)* [Trade policy of the Soviet state after the transition to the NEP (1921–1924)]. Moscow: Vysshiaia shkola [in Russian].
- 25 Vinogradov, S.V. (2015). *NEP: opyt sozdaniia mnogoukladnoi ekonomiki: monografiia* [NEP: experience of creating a multi-stack economy: Monograph]. Astrakhan: IP Sorokin [in Russian].
- 26 Liutov, L.N. (1996). *Gosudarstvennaia promyshlennost v gody NEPa (1921–1929)* [State industry in the years of the NEP (1921–1929)]. Saratov: Izdatelstvo Saratovskogo universiteta [in Russian].
- 27 Shishkin, V.A. (1997). *Vlast. Politika. Ekonomika: Poslerevoliutsionnaia Rossiia (1917–1928 gg.)* [Power. Policy. Economics: Post-revolutionary Russia (1917–1928)]. Moscow: Sankt-Peterburgskii institut istorii Rossiiskoi akademii nauk [in Russian].
- 28 Sokolov, A.K. (1999). *Kurs sovetskoi istorii 1917–1940: uchebnoe posobie* [Course of Soviet history 1917–1940: Textbook]. Moscow: Vysshiaia shkola [in Russian].
- 29 Vorobev, Yu.F. (1989). *Novaia ekonomicheskaia politika: uroki khoziaistvennykh reform* [New economic policy: lessons of economic reforms]. Moscow: IE [in Russian].
- 30 Mukhin, M.Yu. (2020). *Sto let izucheniia NEPa. Vremia podvesti itogi?* [One hundred years of studying the NEP. Time to sum up?]. *Rossiiskaia istoriia — Russian history*, 5, 3–14 [in Russian].
- 31 Orlov, I.B. *Novaia Ekonomicheskaia politika (NEP), kompleks sotsialno-ekonomicheskikh preobrazovaniĭ v RSFSR i SSSR provodivshikhsia RKP(b) VKP(b) v 1921–1929 gg.* [New Economic Policy (NEP), a complex of socio-economic transformations in the RSFSR and the USSR carried out by the RCP(b) CPSU (b) in 1921–1929]. (n.d.). *bigen.ru*. Retrieved from bigen.ru [in Russian].
- 32 Kokoulin, V.G. (2021). *NEP v massovom istoricheskom soznanii v pozdnesovetskoiĭ postsovetskoiĭ Rossii* [NEP in mass historical consciousness in late Soviet and post-Soviet Russia]. *Sibirskii arkhiv — Siberian Archive*. www.researchgate.net. Retrieved from www.researchgate.net [in Russian].
- 33 Varshavchik, S.N. (2025). *NEP v SSR: dostizheniia i neudachi* [NEP in the USSR: achievements and failures]. *Nauka i tekhnika — Science and Technology*, 25 marta [in Russian].
- 34 (2025). *Novaia ekonomicheskaia politika v novoi Rossii i SSSR* [New Economic Policy in the New Russia and the USSR]. *Professionalnoe obiedinenie Instituta Professionalnykh Bukhgalterov Rossii — Professional Association of Institute of Professional Accountants of Russia*, 2 iuliiia [in Russian].

Автор туралы мәлімет

Адамбек Бітімбек — тарих ғылымдарының кандидаты, Бүкіләлем тарихы және халықаралық қатынастар тарихы кафедрасының профессоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0008-5003-3739>

Information about author

Adambek Bitimbek — Candidate of Historical Sciences, Professor of the Department of World History and International Relations, Karaganda National Research University named after academician Ye.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0008-5003-3739>